

«Достығымыз жарасқан»

Мерекелік ертеңгілік

Мақсаты: 1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып, олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Әсем безендірілген зал, мерекелік шарлар, ұлттық киімдер мен жалаушалар.

Тәрбиеші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, құрметті ұстаздар! Қазақстан Республикасының мекендеген ұлттармен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Хор: «Әнұран»

Ендігі кезекті ұлттар достығы жайлы ертеңгілігімізді ашып беру үшін балабақшамыздың меңгерушісі: Бейсебаева Айнура Тыныштықбайқызына сөз береміз. 1-Мамыр мерекесі дүние жүзіндегі халықтардың достығы мен бірлігін атау күні. Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әр түрлі ұлттар тату- тәтті өмір сүруде. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» -деген халық мақалы біздің елге айтылғандай.

Бүлдіршіндеріміздің орындауында қолшатыр биі.

Тәрбиеші: Қазақ елі - халқы жомарт, даласы дархан, орманы қарқан, таулары қалқан, болған ақ бесік ата мекені бар, сол мекенде жусанның жұпар иісін иіскеген, өздігінен ешкімге тиіспеген елміз.

Тілі бөлек болғанменен тілегі бір,

Ұлы достық мәпелеген жүрегі гүл.

Қазақстан барлық ұлтқа шаңырақ,

Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достығымыз мәңгілік болғай- дегіміз келеді.

"Сәлем - сөздің анасы" екенін бәріміз жақсы білеміз. Сәлем беру - мәдениеттіліктің белгісі. Басқа біреуге сәлем беру арқылы өзіміздің сыпайылығымызды көрсетеміз. Сәлем түзелмей, әлем түзелмейтінін ұмытпайық, достар!

Ендігі тамашалайтындарыңыз әр ұлт өкілдері өз тілдерінде амандаса отырып, өздерін таныстырады, тақпақтарын айтып. Өз ұлтында би билейді, ұлттық астарын ұсынады.

Ендеше қазақ халқының өкілдерінен бастап, қошеметпен қарсы алайық.
Қазақ халқының сәлемдесуі: Ассалаумағалейкүм халқым
менің, сәлеметсіздерме қонақтар.

Мұхит: Қазақ елі қашаннанда жыр елі,
Тарихында тұлғалар көп киелі.
Қазақстан аясында бұрыннан,
Бірнеше ұлт өмір сүріп келеді.

Наз: Ортақ жұтар ауамыз,
Ортақ жарық күніміз.
Достық туған анамыз,
Жердің қызы, ұлымыз.

Келесі кезекте көршілес орыс халқының өкілдерін қошеметпен ортаға шақырайық.

Орыс халқының сәлемдесуі: Здравствуйте дорогие гости! Добрый день
родители! С праздником 1 мая день единство!

Амина: Мамырдың бірі, достықтың күні,
Ән салып, билеген халықтың үні.
Тұтасып, тойлаған ұлттар,
Керемет мереке мамырдың бірі.

Нұрали: Бір шаңырақ астында
Тату тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.

Санжар: Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Манғол, ұйғыр, дүнгендер.
Армиян, тәжік, грузин,
Орыспенен украин.
Терезесі тең жатыр.

Ендігі кезекте өзбек ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

Өзбек халқының сәлемдесуі: Саламалейкум акаляр, Хайырлы кун ханымляр!

Аруна: Болсын жермен су да ортақ,
Болсын біздің ту да ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.

Нұржан: Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр,
Бірімен- бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.

Келесі кезекте грузин ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.

Грузин халқының сәлемдесуі: Салами, кюн ахшы болсун.

Дарын: Күте тұғын асыға әр күнін біз,
Арналатын ең тәтті ән- жырымыз.

Ортақ дала, тауымыз.

Ажар: Біз балдырған тең басқан,
Дос құшағын кеңге ашқан.
Тілегіміз әділдік,
Ашық болсын кең аспан.

Келесі кезекте украин ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.
Украин халқының сәлемдесуі: Пртвіт!

Айару: Сары ақпыз қарамыз,
Бәрімізде баламыз,
Бір Отанда тұрамыз,
Бір мектепке барамыз.

Аңсар: Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз

Келесі кезекте түрік ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.
Түрік халқының сәлемдесуі: Мерхаба! Хуш болдук!

Муслим: Ағайын, туған бар адам,
Адалдық үшін жаралған.
Бар қымбат туыстық,
Баянды болсын тыныштық!

Қарақат: Ортақ болып ісіміз,
Еңбек десе тынбаймыз.
Үлкен сыйлап кішіміз,
Аға ақылын тыңдаймыз.

Рахмет балалар, барша елмен амандасып, өздеріңнің қандай білімді, өнерлі екендеріңді көрсеттіңдер.

Хор: «Ақ көгершін!»

Тәрбиеші:

Нәсілге нәсіл болсын нұрлы күн,

Ынтымақтың шертсем деймін бір жырын,

Татулығын жырға қосам ұлттардың

Мақтан қылып ұлыстардың бірлігін!

Қуаныштан желпілдейді түндігім

Бар халықтың бірлік тойы күн бүгін,

Халқым мәңгі ғұмыр кешсін бақытты,

Бір тамырмен байлап қойған кіндігін!!! Осымен ортаңғы «Ертөстік»

тобының «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға үлкен рахмет.

Мерекелі мерейлі айдың басы,
Құтты болсын бірінші мамырымыз!

Аяла: Достық- шырағымыз,
Достық- ұранымыз.
Достық- туымыз,
Достық әніміз.

Келесі кезекте татар ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.
Татар халқының сәлемдесуі: Исәнмесіз, хәерлә кич.

Нұрзада: Бір-бірімен тату тәтті тұрады,
Бәрінің де Қазақстан тұрағы.
Туған жерге тебіренген сәттерде,
Ағылады өлең жырдың бұлағы.

Алихан: Достар тату-тәттіміз,
Болса қолда тәттіміз.
Біз бөлісіп жатамыз,
Бәріміз дәм татамыз.

Келесі кезекте испан ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.
Испан халқының сәлемдесуі: Хола!

Зурум: Жан біткендей жас тауға,
Шуақ ойнап арайлы.
Күн күлімдеп аспанда,
Мамыр әні тарайды.

Асылжан: Жасампаз жыр әнім,
Өзіңсің ғажапстан.
Өсиет, ұраным,
Отаным Қазақстан.

Келесі кезекте үнді ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.
Үнді халқының сәлемдесуі: Намасте!

Нұрай: Дос болып түрлі халықтар,
Жасайтұғын ғасырмын.
Бақытшымын әлемге
Ұмытылмас асылсын.

Алишер: Бейбітшілік ұраны,
Жарқыраған алтын күн.
Ән қанатты қыраны,
Еркіндігі халқымның.

Келесі кезекте араб ұлтының өкілдерін қошеметтеп ортаға шақырамыз.
Араб халқының сәлемдесуі: Алл солам аалейкум!

Еламан: Достығымыз жарасқан,
Ақпыз, қара, сарымыз.
Қара жер мен көк аспан,

